# Халықаралық транзиттік дәліздерде жол бойындағы инфрақұрылымды дамыту жөніндегі іс-шаралардың 2004-2008 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 17 қыркүйектегі N 274-ө Өкімі

1. Қоса беріліп отырған Халықаралық транзиттік дәліздерде жол бойындағы инфрақұрылымды дамыту жөніндегі іс-шаралардың 2004-2008 жылдарға арналған жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар Жоспарда көзделген іс-шараларды орындау жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары С.М.Мыңбаевқа жүктелсін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2004 жылғы 17 қыркүйектегі
N 274 өкімімен бекітілген

## Халықаралық транзиттік дәліздерде жол бойындағы инфрақұрылымды дамыту жөніндегі іс-шаралардың 2004-2008 жылдарға арналған жоспары

Ескерту. Жоспарға өзгерту енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 2006.03.21. N 65 өкімімен.

| р/с N | Іс-шаралар | Аяқталу нысаны | Орындалуына жауаптылар | Орындалу мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 | Елді мекендерден тыс жол-құрылыс машиналары мен автомобильдердің қолданыстағы тұрақтарына түгендеу жүргізу және егжей-тегжейлі тексеру | Қазақстан Республика. сының Үкіметіне есеп | ККМ | 2004 жылғы IV тоқсан |
| 2 | Қолда бар аялдау алаңдарына, жылыну пункттеріне, демалу алаңдарына автомобильдердің | Қазақстан Республика. сының | ККМ | 2004 жылғы IV |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | қысқа уақытқа аялдауына арналған арнайы алаңдарға (кемінде 3-5 жүк машинасына), эстакадтарға, жолаушылар үшін автобус павильондарына және бақылау постыларына түгендеу және егжей-тегжейлі тексеру жүргізу | Үкіметіне есеп | | тоқсан |
| 3 | ҚНжЕ-ге сәйкес қолда бар аялдау және отырғызу алаңдарының, тұрақтардың, жолаушыларға арналған автобус павильондары. ның, демалу алаңдарының, автомобильдердің аз уақытқа аялдауына арналған арнайы алаңдарының (кемінде 3-5 жүк автомобильдері), жетпейтіндерін салу және оларға жөндеу жұмыстарын жүргізу | Қазақстан Республика. сының Үкіметіне есеп | ККМ | Жыл сайын |
| 4 | Жол қозғалысын ұйымдастырудың техникалық құралдарын ҚНжЕ-ге сәйкес келтіру | Қазақстан Республика. сының Үкіметіне есеп | ККМ ІІМ | Жыл сайын |
| 5 | Қолда бар тұрақты электрмен жарықтандыру қондырғыларын, бақылау-өлшеу приборларын түгендеу мен тексеру жүргізу және оларды ҚНжЕ-ге сәйкес келтіру | Қазақстан Республика. сының Үкіметіне есеп | ККМ, ІІМ, облыстар әкімдік. тері | 2004 жылғы IV тоқсан |
| 6 | Жетіспейтін қондырғыларға техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеу және қолда бар стационарлық электрмен жарықтандыратын қондырғыларды, бақылау-өлшеу приборларын жөндеуден өткізу және оларды ҚНжЕ-ге сәйкес келтіру | Қазақстан Республика. сының Үкіметіне есеп | ККМ, ІІМ | Жыл сайын |
| 7 | Қалалар шегіндегі транзиттік автокөлікке арналған қолда бар | ККМ-ге ақпарат | Облыстар әкімдік. | 2004 жылғы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | тұрақтарға түгендеу және егжей-тегжейлі тексеру жүргізу | | тері, ИСМ | IV тоқсан |
| 8 | Аварияльқ-шақыру байланысының құрылғысына техникалық-экономи. калық негіздемені, жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуді жүргізу | Қазақстан Республика. сының Үкіметіне есеп | ККМ, ІІМ ТЖМ,АБА | 2005 жылғы III тоқсан |
| 9 | Қалалар шегінде жетіспейтін тұрақтар салуды көздеу және оларды ҚНжЕ-ге сәйкес келтіре отырып, қолда барын жөндеуден өткізу | ККМ-ге ақпарат | Облыстар әкімдік. тері, ИСМ | Жыл сайын |
| 10 | Қозғалыс қауіпсіздігі шарттарына және ҚНжЕ талаптарына сәйкестік мәніне қолда бар транзиттік мотельдер мен кемпингтерге түгендеу, егжей-тегжейлі тексеру жүргізу, сондай-ақ дислокациялар орнын анықтау және жаңа транзиттік мотельдер мен кемпингтер салу үшін жағдайлар жасау | Қазақстан Республика. сының Үкіметіне есеп | ККМ, облыстар әкімдік. тері, ИСМ | Жыл сайын |
| 11 | Қозғалыс қауіпсіздігі шарттарына сәйкес қолда бар автомобильге май құю станцияларын және жол техникалық қызмет көрсету станция. ларын түгендеу, егжей-тегжейлі тексеру жүргізу, сондай-ақ орнын анықтау және жаңа автомобильге май құю станцияларын және жол техника. лық қызмет көрсету станцияларын салу үшін жағдайлар жасау | Қазақстан Республика. сының Үкіметіне есеп | ККМ, облыстар әкімдік. тері, ИСМ, ЭМРМ, ҚОҚМ, "ҚазМұнай Газ" ҰК" АҚ (келісім бойынша) | Жыл сайын |

---

Ескертулер. Әріптік аббревиатуралардың толық жазылуы:
ККМ - Көлік және коммуникациялар министрлігі;
ІІМ - Ішкі істер министрлігі;
ИСМ - Индустрия және сауда министрлігі;
ЭМРМ - Энергетика және минералды ресурстар министрлігі;
ҚОҚМ - Қоршаған ортаны қорғау министрлігі;

ТЖМ - Төтенше жағдайлар министрлігі;
АБА - Ақпараттандыру және байланыс агенттігі;
"ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ - "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы;

*ҚНжЕ - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитетінің 2003 жылғы 29 қаңтардағы N 32 бұйрығымен бекітілген Құрылыс нормалары және ережелері, 2003 жылғы 1 мамырдан бастап қолданысқа енгізілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК